

Ғ. Қ. Иманалиева,

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.

ЕЛІКТЕУІШТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚЫЗМЕТІ

Қазіргі қазақ тіліндегі эмоционалды сөздердің үлкен бір бөлігін еліктеуіш негізді сөздер құрайды. Қазақ тіл білімінде болсын, басқа тілдерге қатысты зерттеулерде болсын еліктеуіштер мен одағайлар эмоцияға қатысты, эмоцияның әсерінен пайда болған сөздер деген пікір айтылады. Осы ерекшелігіне байланысты одағайлар мен еліктеуіш сөздер бірге қарастырылып, 1950 жылдарға дейін еліктеуіш сөздер одағайларға жатқызылып келген болатын. 1948 жылы А. Ысқақов «Еліктеу сөздер туралы» деген мақаласында еліктеуіш сөздерді жеке сөз табы деп дәлелдеп, оны одағайлардың қатарынан бөліп шығаруды ұсынды [1, 50-56]. 1950 жылдардан бастап А. Ысқақов еліктеуіш сөздерді оқулықтарға дербес сөз табы деп кіргізді. 1954 жылы еліктеуіш сөздер алғаш рет грамматикаға да жеке сөз табы ретінде енгізілді. Қазіргі кезде еліктеуіш сөздер орта мектепке, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда жеке сөз табы ретінде қарастырылады. Қазіргі қазақ тілінде еліктеуіш сөздер дыбыстық еліктеуіштер және бейнелеуіш сөздер деп бөлінетіні белгілі. Еліктеуіш сөздер 2001 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер деп бөлініп, еліктеуіштерге төмендегідей анықтама беріледі: «Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысу-соқтығысуларынан туатын дыбыстарды, сондай-ақ, жан-жануарлардың дыбысталу мүшелерінен шығатын әр түрлі дыбыстарды есіту қабілеті арқылы белгілі-белгілі түсініктер ретінде қабылдаудан болған және сол түсініктердің атаулары ретінде қалыптасқан сөздерді айтамыз» [2, 550]. Біз өз тарапымыздан еліктеуіш сөздердің адам эмоциясын білдіру, бейнелеу бағытындағы қызметінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталмақпыз.

Еліктеуіш сөздер адам эмоциясының түрлі қырын адамның қимылы, дауысы, көзқарасы, жүрісі т.б арқылы да білдіре алады. Бұл тұрғыда қарастырғанда еліктеуіш сөздің мағынасы ешбір сөз табына ұқсамайды деуге болады. Мысалы,

Ноян қарқ-қарқ күліп қолын бір сілтеді (С. Мұратбеков).

Тоқа да, Сәмбет те екеуі бірдей бұған жалт қараған (С. Мұртабеков).

Жынды Қара деген жәгіті қазақ пен сарттың айтысқанын айтып, қонақтарды ду күлдірді (Ж. Аймауытов).

Келтірілген сөйлемдердегі еліктеуіш сөздер адам эмоциясын дыбысқа және бейнеге қарай білдіру қызметін атқарып тұр. Еліктеуіштердің затты, заттың санын, сынын, қимылды, қимылдың сынын білдіретін сөздермен салыстырғандағы басты ерекшелігі адамның сезім мүшелерінің реакциясы нәтижесінде пайда болады, яғни дыбысты естудің, бейнені көрудің, дәмді сезудің адам санасында қорытылуы. Бұл – еліктеуіштерді сөз табы ретінде танудағы басты ұстаным. Бірінші сөйлемдегі *қарқ-қарқ* еліктеуіші Ноянның күлкісінің нәтижесінде естілген дыбыстың атын аңғартып, соған сәйкес сол түсініктің атауы бола алып, күлкі эмоциясына байланысты естілетін көптеген реңктің бірін білдіріп тұр. Ал екінші сөйлемдегі *жалт* еліктеуіші дыбысты емес, Тоқа мен Сәмбет бұған қараған кездегі көріністі, сол көріністің бейнесін білдіреді. *Жалт* еліктеуіші көзбен көру қабілеті арқылы қабылданған көріністің бейнесінің атауы қызметін атқарып тұр. *Жалт* еліктеуіші іс-әрекеттің сыртқы көрінісінің бейнесін ғана емес, сонымен бірге оның шапшаң болғандығын, яғни айтылған сөздің, я болмаса жасалған басқа да іс-әрекеттің Тоқа мен Сәмбетке қатты әсер еткендігін де білдіреді. Оған толық талдау жасау үшін аталған сөйлемді оны қоршаған тілдік бірліктерімен бірге микроәтін ретінде алып қарастыру керек.

Еліктеуіштердің ең үлкен ерекшелігі көп жағдайда олар арқылы эмоцияның жағымды, я жағымсыз екендігі, сонымен қатар эмоцияның деңгейі бірден белгілі болуы. Мысалы,

Қалаша әдемі киінген сұлу келіншек ақсия күліп бұған қарап келе жатыр (С. Мұратбеков).

Сөйлемде күлу эмотив-егістігімен тіркескен *ақсия* еліктеуіші бірден бірнеше қызмет атқарып тұр. Олар: эмоцияның (күлу) бейнесі;

сол эмоция кезіндегі адамның бет-әлпетінің бейнесі; эмоцияның деңгейінің орта деңгейден жоғарылығы, яғни жай күліп қана немесе жымып қана келе жатқан жоқ, ақсия күліп келеді, яғни, қуаныш үстіндегі адамның бейнесі; сонымен қатар *ақсия күлу* – жағымды эмоцияның бейнесі.

Еліктеуіштер бейнелі сөздердің қайнар көзі. Хабарлау, ақпарат беру мақсатында қолданылатын етістіктердің орнына еліктеуіш негізді, я болмаса еліктеуішпен тіркесу арқылы жасалған етістіктерді қолдану сөйлемнің эмоционалды-экспрессивтік бояуын күшейтеді. Мысалы,

Әжемнің тыныс алуы сиреп, ауыр бір алқынысқа айналды. Оң қолының білегінен ұстап отырған Әсембайдың әйелі: «Әжетайым-моу!..», - деп булығып еңіреп жіберді (С. Мұратбеков).

Осындағы дыбыстық еліктеуіш негіз болып тұрған *еңіреп жіберді* тілдік бірлігі *жылады* етістігінің орнына, сөйлемнің эмоционалдылығын күшейту, ойды бейнелі жеткізу мақсатында қолданылған. Басқа етістіктермен салыстырғанда еліктеуіш негізден болған етістіктердің экспрессивтілік қасиеті басым, эмоциялық бояуы қанық болатындығы белгілі.

Эмоцияны білдіру, бейнелеу мақсатында жұмсалатын еліктеуіш сөздер эмоциялық процесті, адамның жағымды, жағымсыз бейнесі мен күйін сипаттайды. Олардың сөйлемде қандай мүше қызметін атқаруы қандай сөздермен тіркесуіне байланысты. Эмоцияны еліктеуіштер арқылы білдіру мақсатында жұмсалған кезде оның етістіктермен жиі тіркесетіні, негізінен баяндауыш қызметін атқаратыны байқалады. Еліктеуіштер негізгі етістіктермен де, көмекші етістіктермен де тіркеседі. Көмекші етістікпен тіркескен кезде оның қай формада тұруына байланысты, сол құрамға кіріп, күрделі бір мүше болады. Мысалы,

– Өй, сендер өзі тура әңгімеге көшпей, бос сөзге айналып кеттіңдер ғой, – деп күңк ете түсті, үнсіз отырған Әзиев (С. Мұртабеков).

Жанай бет-аузын жалын шалғандай лапылдап ду ете түсті (С. Мұратбеков).

Сөйлемдердегі *күңк ете түсті, ду ете түсті* тілдік бірліктері баяндауыш қызметін атқарып тұр. Бірінші сөйлемдегі *күңк ете түсті* баяндауышы дыбыстық еліктеуішке негізделіп, Әзиевтің жағымсыз эмоциясын білдірсе, екінші сөйлемдегі *ду ете түсті* баяндауышы адамның қатты ұялу, қысылу эмоция-

лары әсерінен болатын беттің ысуына қатысты физиологиялық күйін білдіріп тұр.

Еліктеуіштер дербес мағыналы бір негізді етістіктермен тіркескенде эмоцияның сын-сипатын, қалай жасалғандығын білдіреді де, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Дыбыстық еліктеуіштер көп жағдайда жылау, күлу сияқты эмоциялардың дыбыстық тұрғыдағы сипатын білдіріп, *қалай?* деген сұраққа жауап береді. Мысалы,

Моторбай көзі жыртыған күйі сақ-сақ күлді де, тістене тұрып рычагті кейін тартты (С. Мұратбеков).

Эмоцияны білдіру мақсатында жұмсалатын еліктеуіштердің бірқатары соған қатысты тұрақты сипатқа ие болып есім формаларында да жұмсалады. Мысалы,

«Көрерсіңдер де білерсіңдер-ау, осы қуаяқ бар ғой, Бәтішті масқаралап тастап кетеді», – десті сыпсыңшыл жеңгелер (М. Мағауин).

Осы сөйлемдегі *сып* еліктеуіші *-сың* қосымшасы арқылы зат есімге, одан сын есім тудырушы *-шыл* жұрнағының жалғану арқылы сын есім формасына өтіп, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып тұр.

Еліктеуіштер және еліктеуіш негізінде жасалған етістіктер мен есімдер арқылы жағымды және жағымсыз эмоцияға тән реңктік мағына білдіріліп, адамның психологиялық күйі де беріледі. Мысалы,

– Мейлі, өзің біл. Тіпті ешқайда түсірмей алып кетсең де еркіндемін ғой, – деді Күлшара сыңғырлай күліп (С. Мұратбеков).

Әлгіңде ғана көздеріне елестеген «күп-пахты», абақты тарс ұмытылып, Кәрібжан мен Сатан сылқ-сылқ күліп мантышше келді (І. Жансүгіров).

Сөйлемдердегі *сыңғырлау, сылқ-сылқ* тілдік бірліктері жағымды күлкі эмоциясына тән қасиеттерді білдіріп, адамның жайдары күйінен де хабар береді. Төмендегі сөйлемдердегі *дүңк ету, қыңқылдау, бедірею* тілдік бірліктері жағымсыз эмоцияға тән сипатты көрсетіп, адамның ашулы, мазасыз, қайғылы күйлерін білдіріп тұр.

– Сенсің, – деді дүңк етіп. – Сен кінәлісің! Баяғыда-ақ көшу керек еді! Кету керек еді! Енді міне... (С. Елубаев).

...Дастархан үстінде. Мен шыныаяқ алып беріп отырмын. Шай үстінде Шаяхмет қыңқылдай береді (І. Жансүгіров).

Жанай қозғалмастан терезеге қарап бедірейіп отыра берді (С. Мұратбеков).

кемсеңдеуге айналды. – Құдай маңдайымызға сондай шашы сербиген бір жаман қызды да жазбады ғой, тескентаудан өтіп кетсе де пәлен жерде ұрқымыз бар деп көңілге медеу тұтып жүретін... (М. Мағауин).

Төмендегі үзінділерден де күшті эмоциядан хабар беретін тоналды диапазонның көлемді, көтеріңкі үлгісін көруге болады.

– Сіздің хақыңыз жоқ! – деді шал **бәж етіп.** Жіңішке даусы ащы екен. Құлағымды жарып жібере жаздады (М. Мағауин).

Тоналды диапазонның көлемсіз, бәсең көрінісі:

Кәмен хатты жұмарлай ұстаған күйде:

– Бәсе, бәсе... – **деп күбірледі.** – Ертеден бері жүрегім аузыма тығылып мазам болмап еді... Бәсе... (С. Мұратбеков).

«Бұл сұмдық болды ғой, сұмдық болды ғой... – **дей берді күбірлеп.** – Осыдан аман жетер ме екем үйге...» (С. Мұратбеков).

Көркем мәтінде кейіпкер сөзі жалаң түрде емес қарым-қатынастың өту жағдайы, орны, кейіпкердің дене қалыптары мен қимыл-қозғалыстары т.б. да компоненттердің қоса суреттелуі арқылы беріледі. Кейіпкер эмоциясы берілген кезде көркем шығармада аталған элементтер де маңызды рөл ойнайды. Оларды бейнелеу, кейіпкер эмоциясымен үндестіру арқылы біртұтас сурет жасалады.

Жүрегі түскір су-у-у ете қалды. Аяғымен жер тепкілеп, аузы-басы кемсеңдеп, өзін-өзі

тежей алмай, ал кеп бір аңырасын, боздасын сорлы ана (Ш. Айтматов).

Жүрегі түскір су-у-у ете қалды – бұл эмоцияның тікелей адам ағзасына әсерін көрсетеді. Автор кейіпкердің ішкі жан-дүниесіндегі өзгерісін аталған фразеологизм арқылы ұтымды жеткізіп тұр. Бұл автордың кейіпкер эмоциясын жеткізуінің бір ғана тәсілі, бір ғана көрінісі.

Қорыта келгенде, еліктеуіш сөздер көркем әдебиет стилінде, ауызекі сөйлеу стилінде ерекше мән алып, адамның көңіл-күйіне қатысты эмоциялық реңк беру, образды ашу, бейнелеу қызметтерін атқарады.

Еліктеуіштердің ең үлкен ерекшелігі көп жағдайда олар арқылы эмоцияның жағымды, я жағымсыз екендігі, сонымен қатар эмоцияның деңгейі бірден белгілі болады. Еліктеуіштер бейнелі сөздердің қайнар көзі. Еліктеуіш сөздердің ойды дәл, қысқа, анық жеткізуде де өзіндік орны бар.

1. Ысқақов А. Еліктеуіш сөздер туралы // Халық мұғалімі. 1948. №6. –50-56 бб.

2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.

3. Әмір Р., Әмірова Ж.Р. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде. – Алматы, 2009. – 122 б.

4. Карцевский С. Об асимметрическом дуализме лингвистического знака. – Прага, 1929.

5. Кириченко Н.В. Экспрессивные средства звучащего рекламного текста: Дис. канд. филол. наук. – Воронеж, 2007. – 255 с.

Г. Иманалиева

ЭМОЦИОНАЛЬНО-ЭКСПРЕССИВНАЯ ФУНКЦИЯ ПОДРАЖАТЕЛЬНЫХ СЛОВ

Язык в своей коммуникативной функции используется не только для выражения мыслей, но и для выражения субъективного отношения говорящего. В данной статье рассматривается эмоционально-экспрессивная функция подражательных, анализируется лингвистическая литература посвященная проблемам эмоциональности и экспрессивности в казахском языкознании.

G. Imanalieva

EMOTIONALLY EXPRESSIVE FUNCTION OF IMITATIVE WORDS

Language is not only used to express thoughts, moreover for the expression of the subjective attitude of the speaker. This article focuses on the emotional and expressive function of imitative words; linguistic literature devoted to problems of emotionality and expressiveness in the Kazakh linguistics is analyzed.